

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Аннотация. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын қалыптастыруда қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер айқындалған. Логикалық тапсырмалар, есептер мен жаттығу үлгілері берілген.

Кілт сөздер: сауаттылық, функционалды сауаттылық, оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық.

XXI ғасырда барлық елдер бірінші орынға білім беру сапасын қояды. Оның өлшемі тек сауаттылық деңгейімен (жазу, оқу, есептеу) өлшенбейді, оның критерийі - функционалды сауаттылық.

Функционалды сауатты оқушы – бұл пәндік, пәнаралық, интегративтік білімдер, ептіліктер, дағдылар және функционалды мәселелерді шешу әдістері жиынтығы ретінде алынатын іс процесінде пайдаланылатын, қабылдау, ақпаратты өзгерту, типтік оқулық және қоғаммен қарым-қатынас есептерін шығару процесімен байланысты қажетті және жоғары деңгейдегі білімге ие болатын тұлға [1].

Функционалды сауаттылық әр пәнінің негізінде қалыптасады. Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар (зерттеу жұмыстарына бейімделген тапсырмалар; экономикалық, тарихи мазмұндағы тапсырмалар; тәжірибеге бағытталған тапсырмалар т.б.) болып табылады.

Функционалды сауаттылықты қалыптастырудағы мақсатым: кез келген проблемалық жағдаяттардың шешімін таба білуге үйрете отырып, алған сапалы білімдерін өмірде қолдану.

Функционалды сауаттылықтың негізгі міндеті – баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және де баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын аттыру үшін мұғалім шебер болуы керек. Ол баланы қалай оқыту, оның сабаққа деген ынтасын қалай ашуға болады деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жасауы тиіс.

Жалпы адам баласы есту, көру, ұстап көру, сезу және иіскеу арқылы есте сақтайды. Кейбір оқушылар жазбашаға, кейбірі ауызшаға қабілетті болып келеді.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалды сауаттылықтарының мазмұны келесі құзыреттіліктерден көрінеді:

- оқу, жазу сауаттылығынан;
- жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан;
- математикалық сауаттылығынан;
- компьютерлік сауаттылықтан;
- денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;
- құқықтық сауаттылығынан.

Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын дамытуда білім берудің алатын орны ерекше. Бастауыш мектеп оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.

Сондықтан бастауыш білім беру деңгейіндегі тіл және әдебиет, математика және жаратылыстану білім саласы пәндерін оқытуда мұғалімдер жаттығулар, тапсырмалар орындатқанда, есептер шығартқанда және түрлі мәтіндер оқытқанда, оларды өмірмен байланыстыра отырып, оқушылардың оқудағы және жазудағы, математика мен жаратылыстану ғылымындағы сауаттылықтарын қалыптастыруға баса көңіл бөлемін.

Оқу сауаттылығы – оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білуі және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына жету үшін пайдалана білу, қоғам өмірінде белсенділік таныту мақсатында білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеттері [2]. Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі

сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы т.б. алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда «Күнделік» әдісінің де маңызы зор. Бұл әдіс бойынша кез келген оқыған мәтінінің өзіне ұнаған тұстарын, ой салар сөздерін «Түртіп алу» стратегиясымен күнделігіне жазып отырады. Оқушыларының арнайы ереже дәптерлері, альбомдар, сөздіктері, канспектілері, хронологиялық кестелері болуға тиіс. Жалпы өздеріне ұнаған мақал-мәтелдерді, афоризмдерді, шешендік сөздерді де жазып алып жүруге баулу керек. Осы ретте шығармашылыққа жақын кейбір оқушылар сол дәптерге әңгіме, мақала, пікір жазып үйренуге мүмкіндік туады. Оқушылардың шығармашылығын дамыту мақсатында сурет бойынша әңгіме құрастыру, тақырып бойынша өлеңдер, «Сөз ойла, көп ойла», «Өлең шығарайық», «Бес жолды өлең» құрастыру жұмыстарын жүргіземін. Оқушылардың ізденушілік жұмыстарын дамыту мақсатында «Аквариумдағы алтын балық», «балық сүйегі» әдістерін қолданамын [3]. Тест арқылы жұмыстар жүргізу:

1. Әңгімені аяқта, ат қой

Сабақ бітуге жақындағанда, әңгіме жомарттық жөніне ауысты.

– Апай, жомарт адам қандай болады? – деді Азат.

– Иә, бәсе, өздерің айтындаршы, балалар, жомарт адам қандай болады? – деді апай.

2. Мына сөздердің тура мағынасын табындар

1. Жеңіл бұлт, жеңіл тамақ, жеңіл тас

2. Өткір ой, өткір мінез, өткір пышак

3. Байлықтың көзі, иненің көзі, адамның көзі

3. Үзінді қай шығармадан алынған? Авторы кім?

Математикалық сауаттылық – әлемдегі математиканың рөлін айқындау және түсіне білу, математикалық тұжырымдарды дәлелді негіздей білу және қызығушылығы бар, ойлы азаматқа тән қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін математиканы қолдана білу қабілеттері [4]. Функционалдық сауаттылықты дамыту аясында математика пәні бойынша төмендегідей біліктілікті қамтамасыз етуі тиіс:

– математиканың мазмұнын басқа ғылымдармен интеграциялау негізінде біртұтастық және қоршаған орта құбылыстарының өзара байланысы туралы дүниетанымын қалыптастыру

– түрлі бағыттағы ғылыми жобаларды орындау барысында және заттың сандық параметрін анықтауда түрлі математикалық әдістерге сүйене білудің жүйелі білігін қалыптастыру.

Оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыруда логикалық есептерді өзінің іс тәжірибемде қолданып келемін. Тапсырмаларға тоқталып өтсек;

1. Екі санның қосындысы 715. Бір сан нөлге аяқталады. Егер осы нөлді сызып тастаса, екінші сан шығады.

2. А бекетінен В бекетіне велосипедші мен мотоциклші бір уақытта шықты. Велосипедшінің жылдамдығы сағатына 15 км, ал мотоциклшінің жылдамдығы сағатына 24 км. Бірақ қозғалыстың басталуынан кейін 4 сағаттан соң, мотоциклшінің қозғалтқышы өшіп қалды. Оны жөндеп, ары қарай жүрді және велосипедшіні 1 сағатта қуып жетті. Мотоциклші өз қозғалтқышын неше сағат жөндеді?

3. Кестенің әр бағаны мен әр жолында 8273 қосындысы шығу керек.

Кестені толтырыңыз және шифрланған әріптермен сандарды ажыратыңыз,

Белгілі:

1.  $A > B$  3 есе;

2.  $C < A$  4 есе

3. Оң жақтағы жазуға қарағанда Д 13 есе аз.

4. Торай мен иттің салмағы – 64 кг, қой мен торайдың салмағы да – 64 кг, ал ит пен қойдың салмағы - 60 кг. Торайдың салмағы қанша?

Жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығы пәнінің басқа пәндерге қарағанда ерекшелігі өмірге қажетті дағдыларды осы пәннен ала алады. Зертханалық сабақ пен практикалық сабақтар – оқушылардың оқу іс-әрекетінің бір түрі. Практикалық (сарамандық) жұмыстардың негізгі мақсаты – оқушыларға теориялық білімді терең меңгеріп, эксперимент жасау дағдыларын дамыту. Бұл әдіс оқушылардың әртүрлі іс-әрекеттерінде қолданылады. Оқушылар зерттеу нәтижелерін зерттеу парақшасына тіркеп отырды. Әр келесі сабақта эксперименттік жұмыстар күрделене түсті. Осындай әдістер арқылы оқушылар тақырыпты жақсы меңгергенін байқадым. Бөлім бойынша өтетін жиынтық бақылаудың нәтижелеріне талдай отырып, оқушылардың көбі берілген тапсырманы дұрыс орындап, қойылған мақсаттарыға жетті. Үй жағдайында осындай жұмыстар ата-аналармен бірлесе жүргізіледі.

Жаратылыстану бағыты бойынша оқушының функционалдық сауаттылығын арттырудағы логикалық тапсырмалардың да алатын орны ерекше.

1. Қарлығаш, сұр қарлығаш, шыбын аулағыш қыста оңтүстікке ұшып кететінін, ал сары шымшық, тоқылдақ, құр, саңырау құрлар ұшып кетпейтінін немен түсіндіруге болады?

2. Арамшөптермен күресу керек екендігі белгілі. Олар екпе өсімдіктердің нәрлі заттары мен суын жояды, оларға көленке түсіреді, жиі ауру таратушы болып саналады. Онда неліктен кейінгі кезде фермерлер арнайы арам шөптерді сақтау үшін ені 5 метр жолақ қалдырады.

3. Орман үшін өсімдіктерді үсті-үстіне екі қабат етіп орналастыратын өзгешелігі бар. Жоғарғы қабаттағы өсімдікті кесіп тастады. Қандай нәтиже болуы мүмкін. Өзгеретін әрекеттің ықпалын атаңыз.

4. Қай орманда қараңғы: шыршалы, қарағайлы немесе аралас орман? Неліктен? Қандай көлеңкеге төзімді және жарық сүйгіш ағаштардың тұқымдарын білесіздер?

5. Тұз, құм, үгіндіні араластырды. Судың көмегімен бұл нәрселерді бір-бірінен қалай ажырату керек?

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда жаңа инновациялық әдіс-тәсілдердің ең тиімдісін пайдалану арқылы төмендегі нәтижеге қол жеткіземін:

- мағынаны ажырата алады;
- топпен жұмыс істеу күзіреті артады;
- көшбасшылық анықталады;
- білім, білік, дағды деңгейі көтеріледі;
- функционалдық сауаттылығы артады;
- оқушы алған теориялық білімдерін практикамен ұштастыра біледі;
- оқушы алған сапалы білімдерін өмірде қолдана білуге үйренеді;
- кез келген проблемалық ситуациялардың шешімін таба білуге үйренеді.

Өз сабақтарымда оқушыларды сабақтың тақырыптарына байланысты топтарға бөліп, ойындар арқылы топтарының аттарын тапқызып, оқушыларды қызықтыру үшін ұлттық ойындарды, ребустар, сөзжұмбақтарды пайдаланамын. Сондықтан да мұғалім сапалы білім, сапалы ой - өрісі кең тұлғаны қалыптастыру үшін 45 минуттық сабағын қазіргі заманғы білім берудің жаңа технологияларын қолдана отырып өту керек. Педагогикалық технологияларды талдау барысында мына факторларды ескеремін:

- Алынып отырған технология сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай болуы;
- Тиімділігі, жүйелілігі және басқа жақтары.

Жұптағы ой қозғау. Оқушылар қандай да болмасын ақпарат туралы бар білгендерін жазбаша келтіреді. Бұл тапсырманы орындауға берілген уақыт 2-4 минут қана, оқушылар өз жұптарымен жазғандарымен бөліседі, сұрақтарға жауап береді, тізімдерін толықтырады.

Кластерлер (жүзімнің шоқтары деген мағынада). Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Негізгі тақырып немесе тірек тақтаның ортасындағы шеңберге жазылады да, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шеңберленеді, оқушылар оларды бір-біріне қосады да, өзара байланыстыру туралы әңгімелейді.

Ойлан, жұптас, пікірлес – оқушыларға қандай да болмасын сұрақ, тапсырма берілгеннен кейін оларды тыңғылықты орындауға бағытталған тәсіл. Тақтада сұрақ, тапсырма жазылғаннан кейін әрбір оқушы жеке өз ойлары мен пікірін берілген уақыт ішінде (2-3 минут) қағазға түсіреді. Содан кейін оқушы жұбымен жазғанын 3-4 минут талқылайды, пікірлеседі. Мұғалім 2-3 жұпқа өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялауын сұрануына болады. Алдын-ала берілген атаулар – мұғалім сабақ барысында жаңа тақырып бойынша тақтаға бірнеше атау (терминдер) жазып қойып (3-4 атау) оқушыларға олардың мағынасы, мазмұны және өзара қатынасы мен байланысы туралы ойлауын сұрайды. Бұл жұмысты оқушылардың жеке жұппен немесе шағын топ ішінде ауызша яки жазбаша орындалуы ықтимал. Содан кейін мұғалімнің бірнеше оқушының ойы мен пікірін тыңдауына болады.

Еркін жазу – оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын қағазға түсіруді талап ететін тәсіл. Оқушылар берілген уақыт аумағында (5-7 минут) тоқтамай жазуы керек. Сабақтың негізгі бөлімінде мұғалім оқушыларға білім алудың белсенді тәсілдерін ұсынып, олардың өздігінен жаңа мәліметті жан-жақты қарастырып, зерттеп, игеруіне мүдделі. Оқушылар жекелей, жұппен, топпен жаңа ақпаратпен танысып, ол туралы өзіндік пікір қалыптастырады.

Сұрақ қою, қайтадан сұрақ қою – мәтіннің әр бөлігінен кейін оқушыларға бір-біріне немесе өзгеде оқушыларға белгілі бір жүйемен сұрақ қою тәсілі. Мәтіннің бірінші бөлігі оқылып жатқанда А оқушы В-ға бірнеше сұрақ жазбаша дайындайды. Мәтін оқылып біткеннен кейін В оқушы жауап

береді. Екінші бөлімнен кейін керісінше В оқушы А оқушыға сұрақ қояды. Үшінші бөлімнен кейін екеуі С және Д оқушыларға сұрақ қояды.

Жеке тұлғаны анықтау атты ойынның да тиімді жағы көп. Жүргізуші (мұғалім) ғалымдардың немесе жазушылардың портреті жапсырылған беттерді таратады. Оқушылар портреттегі адамның тегін, өмірін, жаңалықтарын есімімен байланысты оқиғалар т.б. еске түсіру керек. Талдау ұзақтығы 5 минут.

«Джигсо» әдісінің артықшылығы – топта жұмыс істеуге арналған құрылым ұсынып, сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететіндігі.

Қорыта келе, бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығы – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Егер осы аталған шарттар бастауыш сыныпта орындалғанда оқушының функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Әдебиеттер:

1. Смагулова Б. Бүгінгі білім, ертеңгі байлық// Бастауыш мектеп, №7.- 2014.- Б.15-17.
2. Батырқайрова А.С. Қазақ тілі сабақтарында жаңа технологиялық әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың сауаттылықтарын арттыру//Ұстаз №1.- 2013.-Б.25-27.
3. Оқу мен оқытудың белсенді әдістері//sabak.kz
4. Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі.Әдістемелік құрал. - Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013ж.

**Айнекова З.Ө.**

**«№ 12 жалпы білім беретін мектеп» КММ, Қарағанды қ.**

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПТІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ФОРМАЛАРЫ**

Аннотация.Бастауыш сынып оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыруда отбасы мен мектептің өзара әрекеттесу формалары қарастырылған. Салауатты өмір салтын қалыптастыру кезінде отбасы мен мұғалімнің тиімді өзара әрекеттесу шарттары, жұмысының негізгі бағыттары, отбасы мен мектептің өзара әрекетін ұйымдастыру үшін қазіргі заманғы жұмыс түрлері, ата-аналар орындай алатын функциялар талданған.

Кілт сөздер:салауатты өмір салты, отбасы мен мектеп ынтымақтастығы, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тәрбие жұмысының түрлері, ата-аналармен жұмыс, бастауыш сынып.

Бастауыш сынып оқушысының жеке басының денсаулығын сақтауға көмектесуді сәтті жүзеге асыру бастауыш мектепте білім беру процесіне қатысушылардың гуманистік өзара іс-қимылын жүзеге асыруға, оқушылар мен мұғалімдердің денсаулығын нығайтуға және сақтауға бағытталған жағдайлар жасауды қамтиды.

Бастауыш сынып оқушыларының салауатты өмір салты қалыптасқан кезде мұғалім мен ата-ананың өзара әрекеттесуінің мазмұны өзара байланысты және өзара тәуелді элементтердің қосылуынан көрінеді; ақпарат алмасу түрінде қарым-қатынасты білдіретін қарым-қатынас, ата-аналарымен бірге оқушылардың жеке басын тану; тұрақты екі жақты байланыс.

Е.А. Калужныйдың пікірінше, бастауыш сынып оқушыларының салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері бойынша мектеппен ынтымақтастықта ата-аналар:

- денсаулық туралы бірқатар жаңа білім алады;
  - басқа отбасылардың тәжірибесіне қосылады және оны өз отбасының, балаларының денсаулығын сақтау мақсатында пайдалана алады;
  - өмір салтын денсаулыққа қолайлы етіп өзгертуге көмектесетін әдістер туралы біледі;
  - отбасының өмір салтын өзгерту арқылы қолдау табады;
  - бұл отбасындағы балалар да, басқа жақын адамдар да денсаулығын жақсартатын кеңестер алады;
  - балаларды жақынырақ таниды, оларды жақсы түсінеді;
  - отбасын нығайтуға ықпал етеді [1].
- Алайда, өзара әрекеттесу - бұл екі жақты процесс, сондықтан мұғалім де: